



**АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ
МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**АХҚО ЕРЕЖЕЛЕРІ №. 6 2021 ж.
10 қараша 2021 ж.
(15.02.2024. берілген өзгерістермен)**

Астана, Қазақстан



АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы қағидалар АХҚО-дағы валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) болып табылады.
- 1.2. Осы Қағидалар 2021 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.
- 1.3. Осы Қағидалар «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚР Конституциялық заңының 5-бабының 3, 4 және 5-тармақтарын іске асыру үшін әзірленді.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 1.3-тармаққа өзгеріс енгізілді.

- 1.4. Осы Қағидалардың ережелері:

- (a) АХҚО қатысушыларына, АХҚО органдары мен олардың ұйымдарына;
- (b) АХҚО банктеріне;
- (c) АХҚО қатысушыларымен, АХҚО органдарымен және олардың ұйымдарымен немесе АХҚО банктерінде ашылған банк шоттарын пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыратын ҚР резиденттері мен бейрезиденттеріне;
- (d) осы Қағидалармен реттелетін операцияларды жүргізу бөлігінде ҚР ЕДБ-ға қолданылады.

Өткізілуі осы Қағидалармен реттелмеген операцияларды ҚР заңнамасына сәйкес ҚР ЕДБ, АХҚО құқығына сәйкес АХҚО банктері жүргізеді.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 1.4-тармаққа өзгеріс енгізілді.

- 1.5. Анықтамалар

- 1.5.1 1-қосымша (Терминдер мен анықтамалар) осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдердің анықтамаларын қамтиды.
- 1.5.2 Осы Қағидаларда пайдаланылатын және осы Қағидаларға 1-қосымшада айқындалмаған өзге де терминдер мен анықтамалар АХҚО құқығымен және ҚР заңнамасымен көзделген анықтамаларға сәйкес пайдаланылады.

- 1.6. Міндеттері

Қағидалар:

- (a) АХҚО қатысушыларының қаржылық қызметтер көрсетуге байланысты валюталық операцияларды жүргізуінің талаптары мен тәртібін;
- (b) АХҚО қатысушыларының кәсіби қызметтер көрсетуге байланысты валюталық операцияларды жүргізуінің талаптары мен тәртібін;
- (c) АХҚО аумағында осы тармақтың (a) және (b) тармақшаларына жатпайтын валюталық операцияларды жүргізу талаптары мен тәртібін;
- (d) АХҚО қатысушылары болып табылмайтын Қазақстан Республикасының



АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

резиденттеріне АХҚО қатысушылары көрсететін қаржылық және кәсіби қызметтердің тізбесін айқындайды.

2. АХҚО-дағы валюталық резиденттік

2.1. Валюталық резиденттік

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін:

- (a) АХҚО қатысушылары резиденттер деп танылады;
- (b) жеке және заңды тұлғалар 1-қосымшада келтірілген ұғымға сәйкес резиденттер деп танылады;
- (c) жеке және заңды тұлғалар 1-қосымшада келтірілген ұғымға сәйкес бейрезиденттер деп танылады.

3. АХҚО қатысушыларының, АХҚО органдарының және олардың ұйымдарының құқықтары. АХҚО-да операциялар жүргізу

3.1. АХҚО қатысушыларының, АХҚО органдарының және олардың ұйымдарының құқықтары

3.1.1 Егер АХҚО құқығымен және (немесе) ҚР заңнамасымен өзге тыйым салулар белгіленбесе, АХҚО қатысушылары АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттерге тек осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қаржылық және оларға ілеспе қызметтерді ұсынуға құқылы.

3.1.2 АХҚО қатысушылары (АХҚО банктерін қоспағанда), АХҚО органдары және олардың ұйымдары:

- (a) АХҚО құқығымен және (немесе) ҚР заңнамасымен белгіленген талаптарды ескере отырып, шетелдік банктерде кез келген валютада банк шоттарын ашу және осындай шоттарды пайдалана отырып, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға;
- (b) АХҚО құқығымен белгіленген талаптарды ескере отырып, АХҚО банктерінде (ислам банктерін қоспағанда) тек шетел валютасында банк шоттарын ашу және осындай шоттарды пайдалана отырып, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға;
- (c) ҚР ЕДБ-да немесе АХҚО ислам банктерінде кез келген валютада банктік шоттар ашу және АХҚО құқығына және (немесе) ҚР заңнамасына сәйкес осындай шоттарды пайдалану арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға құқылы.

3.1.3 АХҚО банктері, оның ішінде АХҚО ислам банктері:

- (a) АХҚО құқығының және ҚР заңнамасының талаптарын ескере отырып, шетелдік банктерді қоса алғанда, басқа банктерде банктік шоттар ашуға және олар бойынша өз қаражатын ұлттық немесе шетел валютасында аударуды жүзеге асыруға;
- (b) осы Қағидалардың 3.1.4-тармағы (b) тармақшасының талаптарын ескере отырып, АХҚО қатысушылары болып табылатын резиденттерге және бейрезиденттерге банк шоттарын ашуға және осы Қағидаларда белгіленген талаптарды ескере отырып, осындай шоттарды пайдаланып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға;



АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- (с) ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен ҚР ЕДБ-да ұлттық және шетел валютасында корреспонденттік шоттар ашуға және осы Қағидаларда және (немесе) ҚР заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, олар бойынша операцияларды жүзеге асыруға;
- (d) бақылаушы акционері (бақылаушы акционерлері) бейрезидент болып табылатын АХҚО-ның бейрезиденттері мен қатысушыларына шетел валютасында жинақ (депозиттік) шоттар ашуға;
- (e) осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген операцияларды ҚР ЕДБ-да өзінің ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттары арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 3.1.3- тармаққа өзгеріс енгізілді.

3.1.4 АХҚО банктеріне (АХҚО ислам банктерін қоспағанда):

- (a) резиденттерге, оның ішінде АХҚО қатысушылары болып табылатын резиденттерге және бейрезиденттерге ұлттық валютада банк шоттарын ашуға;
- (b) 3.1.3-тармақтың (d) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, резиденттерге, оның ішінде АХҚО қатысушылары болып табылатын резиденттерге жинақ шоттарын (депозиттерді) ашуға;
- (c) резиденттердің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын немесе импортын жүзеге асыруға байланысты және (немесе) есептік нөмір беру талабына жататын операцияларды жүргізуге;
- (d) осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген операцияларды жүзеге асыру шеңберінде клиенттердің нұсқауларын орындау жағдайларын қоспағанда, ұлттық валютаны пайдалана отырып, клиенттердің тапсырмасы бойынша айырбастау операцияларын жүзеге асыруға;
- (e) АХҚО құқығына және (немесе) ҚР заңнамасына сәйкес АХҚО қатысушыларының АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттерге көрсетуіне тыйым салынған қызметтер бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуге;
- (f) АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттерге АХҚО құқығына және (немесе) ҚР заңнамасына сәйкес АХҚО банктері үшін көрсетуге тыйым салынған қызметтерді көрсетуге;
- (g) осы Қағидаларға 4-қосымшада қарастырылмаған операцияларды ҚР ЕДБ-да ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асыруға тыйым салынады.

3.1.5 АХҚО ислам банктеріне:

- (a) резиденттердің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын немесе импортын жүзеге асыруға байланысты және (немесе) есептік нөмір алу талабына жататын операцияларды жүргізуге;



АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- (b) клиенттердің тапсырмасы бойынша ұлттық валютаны пайдалана отырып айырбастау операцияларын жүзеге асыруға;
- (c) (c) исламдық қаржыландыруға және (немесе) АХҚО ислам банкінің клиенті осы банктен қаржыландыру тартылған жобаны іске асыруға байланысты емес қызметтер бойынша клиенттердің төлемдерін және (немесе) ақша аударымдарын жүргізуге;
- (d) (d) АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттерге АХҚО құқығына және (немесе) ҚР заңнамасына сәйкес АХҚО ислам банктері үшін көрсетуге тыйым салынған қызметтерді көрсетуге тыйым салынады.

3.2. АХҚО органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының операцияларын жүргізу

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 3.2-тармаққа өзгеріс енгізілді.

- 3.2.1 АХҚО қатысушылары, АХҚО органдары және олардың ұйымдары арасындағы операциялар осы Қағидаларда белгіленген талаптарды ескере отырып, ұлттық немесе шетелдік валютада жүзеге асырылады.

Ескерту. 3.2.1- тармаққа өзгеріс енгізілді - «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен.

- 3.2.2 АХҚО органдары, олардың ұйымдары немесе АХҚО қатысушылары (АХҚО банктерінен басқа) және бейрезиденттер арасындағы операциялар АХҚО құқығымен және (немесе) ҚР заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес тараптардың таңдауы бойынша кез келген валютада жүзеге асырылады.

Ескерту. 3.2.2.- тармаққа өзгеріс енгізілді - «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен.

- 3.2.3 АХҚО органдары, олардың ұйымдары немесе АХҚО қатысушылары және АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттер арасындағы операциялар АХҚО құқығымен және (немесе) ҚР заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес ұлттық немесе шетелдік валютада жүзеге асырылады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 3.2.3- тармаққа өзгеріс енгізілді.

3.3. АХҚО қатысушыларының қаржылық қызметтер көрсетуіне байланысты операцияларды жүргізу

- 3.3.1 АХҚО банктері АХҚО қатысушысы болып табылмайтын резиденттерге АХҚО құқығын және (немесе) ҚР заңнамасын ескере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген қаржылық қызметтер тізбесіне сәйкес қаржылық қызметтер көрсетеді.

- 3.3.2 АХҚО банктерін қоспағанда, АХҚО қатысушылары АХҚО-ның басқа қатысушыларына, АХҚО органдарына және олардың ұйымдарына, бейрезиденттерге Комитеттің лицензиясына сәйкес ұлттық немесе шетел валютасында мынадай талаптарды сақтай отырып, қаржылық қызметтер көрсетуге құқылы:



АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- ұлттық валютада көрсетілетін қаржылық қызметтер ҚР ЕДБ-да ашылған АХҚО қатысушыларының банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады;
- шетелдік валютада көрсетілетін қаржылық қызметтер АХҚО банктерінде немесе ҚР ЕДБ-да ашылған АХҚО қатысушыларының банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 3.3.2- тармаққа өзгеріс енгізілді.

3.3.3 АХҚО банктерін қоспағанда, АХҚО қатысушылары АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттерге қызметтер тізбесіне сәйкес және осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген валютада АХҚО құқығын және (немесе) ҚР заңнамасын ескере отырып, мынадай талаптарды сақтай отырып, қаржылық және оларға ілеспе қызметтерді көрсетеді:

- ұлттық валютада көрсетілетін қаржылық және ілеспе қызметтер ҚР ЕДБ-да ашылған АХҚО қатысушыларының банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады;
- шетелдік валютада көрсетілетін қаржылық және ілеспе қызметтер АХҚО банктерінде немесе ҚР ЕДБ-да ашылған АХҚО қатысушыларының банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

3.4. АХҚО қатысушыларының кәсіби қызметтер көрсетуіне байланысты операцияларды жүргізу

3.4.1 АХҚО қатысушылары АХҚО-ның басқа қатысушыларына, АХҚО органдарына және олардың ұйымдарына, сондай-ақ бейрезиденттерге AIFC General Rules 2-қосымшасында айқындалған тізбеге сәйкес кез келген валютада мынадай талаптарды сақтай отырып кәсіби қызметтер көрсетеді:

- ұлттық валютада көрсетілетін кәсіби қызметтер ҚР ЕДБ-да ашылған АХҚО қатысушыларының, АХҚО органдарының және олардың ұйымдарының банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады;
- шетелдік валютада көрсетілетін кәсіби қызметтер АХҚО банктерінде немесе ҚР ЕДБ-да ашылған АХҚО қатысушыларының, АХҚО органдарының және олардың ұйымдарының банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 3.4.1- тармаққа өзгеріс енгізілді.

3.5. АХҚО қатысушыларының (АХҚО банктерінен басқа) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын немесе импортын жүзеге асыруға байланысты операцияларды, ұлттық валютаны пайдалана отырып жүргізілетін айырбастау операцияларын, сондай-ақ ҚР валюталық заңнамасына сәйкес есептік нөмір берілуі тиіс операцияларды жүргізуі АХҚО-ның осындай қатысушыларының ҚР ЕДБ-да ашылған банк шоттарын ғана пайдалана отырып жүзеге асырылады.

3.6. АХҚО қатысушылары АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттермен операцияларды осы Қағидаларға және (немесе) ҚР валюталық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

3.7. АХҚО қатысушылары АХҚО қатысушысы болып табылмайтын резиденттерге тек осы



АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген тізбеге сәйкес шетел валютасында кәсіби қызметтер көрсетуге құқылы.

- 3.8. АХҚО қатысушылары, АХҚО органдары және олардың ұйымдары АХҚО құқығына сәйкес кез келген валютада ҚР ЕДБ және АХҚО банктері арқылы жарғылық капиталды қалыптастыру жөніндегі операцияларды шетел валютасында жүргізуге құқылы.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 3-бөлімге өзгеріс енгізілді.

4. Резиденттер мен бейрезиденттердің АХҚО-дағы операциялары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдар

- 4.1. АХҚО қатысушыларының (АХҚО банктерінен басқа) валюталық операциялары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары АХҚО құқығымен және ҚР заңнамасымен белгіленген талаптарды сақтай отырып, АХҚО банктеріндегі және (немесе) ҚР ЕДБ-дағы банктік шоттар арқылы жүзеге асырылады.

- 4.2. АХҚО банкі АХҚО қатысушыларының АХҚО банкіндегі шоттарынан олардың ҚР ЕДБ шоттарына, сондай-ақ олардың ҚР ЕДБ шоттарынан АХҚО банкіндегі шетелдік валютадағы шоттарына ақша аударымдарын жүзеге асырады.

- 4.3. Клиенттердің операциялары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары мынадай шарттарға сәйкес жүзеге асырылады:

(a) АХҚО банкі клиенттен сәйкестендіретін құжаттар мен ақпаратты сұратады:

- (i) валюталық шарт (баламасы 10 000 АҚШ долларынан астам сомаға операциялар үшін);
- (ii) БСН;
- (iii) заңды тұлғалар мен заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардан – егер бұл құжаттар бұрын ұсынылмаған немесе өзгертілген болса, ұйымның тіркелген елін және құрылтайшыларын айқындайтын құжаттар.

(b) АХҚО Банкінде клиент туралы оның резиденттігін, АХҚО-ның жария тізіліміне қатынасын айқындау үшін жеткілікті сәйкестендіру ақпараты және бұл қолданылатын жағдайда, оның АХҚО қатысушысы ретіндегі мәртебесі болуға тиіс;

(c) АХҚО банкінде айқындау үшін жеткілікті, атап айтқанда, онымен шектелмейтін төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілетін мәміле немесе операция туралы ақпарат:

- (i) төлеуші мен бенефициардың тіркелген немесе резиденттік елі;
- (ii) төлемді және (немесе) ақша аударымын жөнелтуші және оның түпкі бенефициары;
- (iii) төлеуші мен бенефициардың үлестес болуы (үлестес тұлғалар арасында корпоратившілік аударымдарды және төлемдерді бөлу үшін);
- (iv) төлеуші мен бенефициар үшін экономика секторы;
- (v) төлем мақсаты болуға тиіс.



- (d) АХҚО банкі егер:
- (i) төлем және (немесе) ақша аударымы ұлттық валютада жүзеге асырылған жағдайда (ислам банктері болып табылмайтын АХҚО банктері үшін);
 - (ii) төлем және (немесе) ақша аударымы ұлттық валютада жүзеге асырылған жағдайда және исламдық қаржыландыру бойынша көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты емес болса (АХҚО ислам банктері үшін);
 - (iii) төлем және (немесе) ақша аударымы осы Қағиданың 3.5 және 4.4-тармақтарында көзделген мәмілелер бойынша жүзеге асырылған жағдайда;
 - (iv) төлем және (немесе) ақша аударымы АХҚО құқығына және (немесе) ҚР заңнамасына қайшы келген жағдайда клиентке төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізуден бас тартады.
- (e) осы тармақ Қазақстан Республикасында тіркелмеген және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асырмайтын бейрезиденттер арасында жүзеге асырылатын төлемдер мен ақша аударымдарына қатысты қолданылмайды.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 4.3-тармаққа өзгеріс енгізілді.

4.4. АХҚО қатысушылары болып табылмайтын резиденттердің АХҚО банктері арқылы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын немесе импортын жүзеге асыруға байланысты валюталық операцияларды, ұлттық валютаны пайдалана отырып айырбастау операцияларын, сондай-ақ ҚР валюталық заңнамасына сәйкес есептік нөмір беруге жататын операцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ. Көрсетілген операциялар ҚР валюталық заңнамасында рұқсат етілген жағдайларда ҚР ЕДБ немесе шетелдік банктер арқылы ғана жүргізіледі.

5. АХҚО-дағы айырбастау операциялары

5. Шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату тек АХҚО банктері, Комитеттің айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар АХҚО брокерлері және (немесе) дилерлері немесе ҚР ЕДБ және шетелдік банктер арқылы мынадай талаптар сақталған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін:
- (a) қолма-қол ақша емес шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу немесе сату өтінім негізінде сатып алу немесе сату мақсатын көрсете отырып жүзеге асырылады;
 - (b) қолма-қол ақша емес шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу немесе сату тек ҚР ЕДБ арқылы жүзеге асырылады;
 - (c) қолма-қол ақша емес шетел валютасын басқа қолма-қол ақша емес шетел валютасына сатып алу немесе сату АХҚО банктері, Комитеттің айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар АХҚО брокерлері және (немесе) дилерлері немесе ҚР ЕДБ және шетелдік банктер арқылы жүзеге асырылады;
 - (d) АХҚО банктері немесе ҚР ЕДБ арқылы;
 - (e) қолма-қол шетел валютасын сатып алу немесе сату ҚР ЕДБ немесе ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен ҚРҰБ-ның қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде қызметін тек



АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-бөлімге өзгеріс енгізілді.

6. Валюталық реттеу мақсаттары үшін АХҚО-дағы валюталық операциялар туралы ақпарат беру

6.1. Жүргізілген операциялар туралы ақпарат беру тізбесі мен тәртібі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 6.1-тармаққа өзгеріс енгізілді.

7. АХҚО органдары және ҚРҰБ арасында ақпарат алмасу

7.1. Ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібі

АХҚО-да жүзеге асырылатын валюталық операцияларға байланысты мәселелер бойынша ақпарат алмасу тәртібі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

8. Конфиденциалдық

АХҚО қатысушылары, олардың қызметкерлері мен агенттері, АХҚО органдары және олардың ұйымдары өз атынан және басқа тұлғалардың тапсырмасы бойынша операциялар жүргізу кезінде өздеріне мәлім болған, АХҚО-ның қолданыстағы құқығымен қорғалған коммерциялық, банктік және басқа да құпияларды сақтауы тиіс.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 8-бөлімге өзгеріс енгізілді.

9. Қағидалардың бұзылғаны үшін жауапкершілік

9.1. Бұзушылықтар

(1) Мыналарды:

- (a) АХҚО құқығына және (немесе) ҚР заңнамасына сәйкес тыйым салынған іс-қимылды немесе әрекетті жасайтын;
- (b) АХҚО құқығына және (немесе) ҚР заңнамасына сәйкес талап етілетін немесе орындауға тапсырылатын іс-қимылды немесе әрекетті жасамайтын; немесе
- (c) АХҚО құқығын және (немесе) ҚР заңнамасын өзге түрде бұзатын АХҚО қатысушысы осы Қағидаларды бұзған болып есептеледі, бұл АХҚО құқығымен, ҚР заңнамасымен және Комитет саясатымен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

9.2. АХҚО қатысушылары осы Қағидаларда көзделген есептілікті ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған жағдайда, Комитет оларға AIFC Fees Rules 7.1.3-тармағына сәйкес шаралар қолданады.



**АХҚО-дағы ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ
ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 9-бөлімге өзгеріс енгізілді.



ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

- 1) Комитет – АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті;
- 2) ҚНРДА – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;
- 3) АХҚО банкі – осы Қағидаларда белгіленген талаптарды ескере отырып:
 - (a) депозиттерді қабылдау, кредиттер беру, төлем қызметтерін көрсету, банктік шоттарды ашу және жүргізу бойынша;
 - (b) ислам банкингін және исламдық қаржыландыруды жүзеге асыру (банктік емес исламдық ұйымдарды қоспағанда) бойынша қызметтер көрсетуге Комитет лицензия берген АХҚО қатысушысы;
- 4) ҚР ЕДБ – Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес осындай деп танылатын уәкілетті банк;
- 5) ұлттық валюта – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы;
- 6) ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- 7) бейрезиденттер – «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бейрезиденттер болып табылатын заңды және жеке тұлғалар;
- 8) АХҚО органдары – «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабында айқындалған АХҚО органдары;
- 9) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 10) валюталық реттеу мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының резиденттері болып мыналар:
 - (a) «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес резиденттер болып табылатын заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ шетелдік ұйымдардың филиалдары (өкілдіктері);
 - (b) АХҚО қатысушылары танылады.
- 11) АХҚО қатысушылары – АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлғалар, сондай-ақ АХҚО-да аккредиттелген өзге де заңды тұлғалар;
- 12) ҚҚБ – «Қазақстан қор биржасы» АҚ;
- 13) бақылаушы акционер – АХҚО қатысушысының акционері болып табылатын және АХҚО қатысушысының жарғылық капиталында дауыс беретін акциялардың/қатысу үлестерінің 50% және одан да көп пайызына тікелей иелік ететін заңды немесе жеке тұлға, дәл сол сияқты оған (оларға) қатысты үлестес, АХҚО қатысушысының акционерлері болып табылатын және бірігіп АХҚО қатысушысының жарғылық капиталында дауыс беретін акциялардың/қатысу үлестерінің 50% және одан да көп пайызына иелік ететін басқа заңды және (немесе) жеке тұлғамен бірлескен заңды және (немесе) жеке тұлға.
- 14) кредиттік ұйым – осы Қағидаларда белгіленген талаптарды ескере отырып, Комитет кредиттер беру жөніндегі қызметтерді ұсынуға лицензия берген АХҚО қатысушысы;
- 15) АХҚО ислам банкі – АХҚО Банкін қоспағанда, АХҚО аумағында исламдық қаржыландыру



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

қағидаттарына сәйкес Комитеттің банк қызметін жүзеге асыру, депозиттерді қабылдау және (немесе) банктік шоттарды ашу және жүргізу жөніндегі қызметтерді ұсынуға лицензиясы бар АХҚО қатысушысы;

- 16) исламдық қаржы ұйымы – АХҚО ислам банкін қоспағанда, Комитеттің лицензиясы негізінде қызметінің айрықша түрі исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын АХҚО қатысушысы;
- 17) АХҚО брокері және (немесе) дилері – Комитет агент және (немесе) принципал ретінде инвестициялық операциялар жасауға лицензия берген АХҚО қатысушысы.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



**АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЕМЕС РЕЗИДЕНТТЕРГЕ АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ
КӨРСЕТЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ**

№	Қызмет атауы	Валюта
1	Банк және төлем қызметтері	
1.1	ислам банктері жүзеге асыратын ислам банкингі және ислам банктері мен ислам қаржы ұйымдары жүзеге асыратын исламдық қаржыландыру	Кез келген валюта
1.2	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына кредиттер	Шетел валютасы
1.3	клиенттерге ағымдағы банктік шоттар ашу және жүргізу (кредиттеу және инвестициялық банкинг қызметтері үшін)	Шетел валютасы
1.4	ағымдағы банктік шотты пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау және жүзеге асыру жөніндегі қызметтер (рұқсат етілген қызмет түрлері шегінде)	Шетел валютасы
1.5.	Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілері үшін лизинг қызметтері (шаруа қожалықтары, фермерлік қожалықтар және өзге де заңды тұлғалар-агроөнеркәсіптік кешен және жол-көлік инфрақұрылымы саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілері)	Кез келген валюта
2	Сақтандыру	
2.1	Тікелей ерікті сақтандыру	
2.1.1	әуе көлігін сақтандыру	Кез келген валюта
2.1.2	су көлігін сақтандыру	Кез келген валюта
2.1.3	ғарыш объектілерін сақтандыру	Кез келген валюта
2.1.4	әуе, су көлігімен және ғарыш объектілерімен байланысты жүктерді сақтандыру	Кез келген валюта
2.1.5	әуе көлігі иелерінің АҚЖ сақтандыру	Кез келген валюта
2.1.6	су көлігі иелерінің АҚЖ сақтандыру	Кез келген валюта
2.1.7	ғарыш объектілері иелерінің АҚЖ сақтандыру	Кез келген валюта
2.2	Қайта сақтандыру қызметі	
2.2.1	қазақстандық сақтандырушылардан қайта сақтандыруға барлық тәуекелдерді қабылдау	Кез келген валюта
2.3	Қайта сақтандыру брокерінің қызметі	
2.3.1	қазақстандық сақтандырушылар сақтандыру тәуекелдерін АХҚО қатысушысы-сақтандыру брокері арқылы қайта сақтандыруға беруге құқылы	Кез келген валюта
2.3	Қосымша сақтандыру түрлері	
2.3.1	кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру	Кез келген валюта
2.3.2	сот шығындарын сақтандыру	Кез келген валюта
2.3.3	титулдық сақтандыру	Кез келген валюта
2.3.4	исламдық сақтандыру	Кез келген валюта
2.4	Ерекше тәуекелдерді сақтандырудың жаңа түрлері	
2.4.1	апатты қауіптер	Кез келген валюта
2.4.2	климаттық тәуекелдер	Кез келген валюта
2.4.3	кибер тәуекелдер	Кез келген валюта
2.4.4	терроризм тәуекелі	Кез келген валюта
2.4.5	саяси тәуекелдер	Кез келген валюта
3	Инвестициялық қызметтер	
3.1	Инвестициялық банкинг қызметтері	
3.1.1	андеррайтинг (IPO/SPO барысында бағалы қағаздарды АХҚО биржасында, шетелдік қор биржаларында орналастыру)	Кез келген валюта



**АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

3.1.2	қаржылық кеңес беру (бірігу және қосып алу мәмілелерін құрылымдау, private equity, қайта құрылымдау, хеджирлеу)	Кез келген валюта
3.2	Дилерлік қызмет	
3.2.1	дилерлік қызметтер (өз мүддесі үшін мәмілелер жасасу)	Кез келген валюта
3.3	Брокерлік қызметтер (клиент мүддесіне мәмілелер жасасу)	
3.3.1	АХҚО құқығы және шетелдік құқық бойынша шығарылған бағалы қағаздар мен инвестициялардың басқа да түрлері бойынша халықаралық қор нарықтарындағы, АХҚО биржасындағы брокерлік қызметтер	Кез келген валюта
3.3.2	АХҚО қатысушысында ҚНРДА-ның тиісті лицензиясы және (немесе) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ есеп айырысуларына тікелей қолжетімділігі және (немесе) орталық контрагенттің есеп айырысуларына тікелей қолжетімділігі болған кезде қазақстандық бағалы қағаздар мен қаржы құралдары бойынша брокерлік қызметтер	Кез келген валюта
3.4	Кастодиандық қызметтер (номинальды ұстау, бағалы қағаздарды есепке алу және сақтау)	
3.4.1	шетелдік заңнамаға және АХҚО құқығына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар бойынша кастодиандық қызметтер	Кез келген валюта
3.4.2	АХҚО қатысушысында ҚНРДА-ның тиісті лицензиясы болған жағдайда оның қазақстандық бағалы қағаздарға қатысты кастодиандық қызметтері	Кез келген валюта
3.4.3	АХҚО биржасының ресми тізіміне ¹ енгізілген барлық бағалы қағаздар және шетелдік бағалы қағаздар бойынша АХҚО Орталық депозитарийінің есеп айырысу-депозитарлық немесе кастодиандық қызметтері	Кез келген валюта
3.5	Инвестицияларды басқару (оның ішінде инвестициялық қорлардың басқаруы)	
3.5.1	АХҚО-да құрылған қорлардың және АХҚО биржасының немесе Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және Комитеттің лицензиясы бар басқарушы компаниялардың басқаруындағы бағалы қағаздарға инвестиция салатын ҚР азаматтары және заңды тұлғалары болып табылатын клиенттерге (инвесторларға) қатысты; АХҚО-да құрылған қорлардың және АХҚО биржасының немесе Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілмеген және Комитеттің лицензиясы бар басқарушы компаниялардың басқаруындағы бағалы қағаздарға инвестиция салатын ҚР азаматтары және заңды тұлғалары болып табылатын клиенттерге (инвесторларға) қатысты;	Кез келген валюта
3.5.2	кәсіби инвесторлар болып табылатын және кемінде баламасы 150 000 АҚШ доллары сомасында қаржылық активтері бар клиенттерге (инвесторларға) қатысты, инвестицияларды басқаруға беру немесе АХҚО-да құрылған қорлардың және Комитеттің лицензиясы бар басқарушы компаниялардың басқаруындағы бағалы қағаздарға инвестициялау кезінде. Осы тармақтың талаптары осы Қағидалар күшіне енгенге дейін жасалған мәмілелерге қолданылмайды.	Кез келген валюта
3.6	Сенімгерлік қызметтер	
3.6.1	сенімгерлік қызметтер (сенімгерлікті құру және басқару қызметтерін ұсыну) шектеусіз	Кез келген валюта
3.7	Краудфандинг қызметтері	
3.7.1	инвестициялық краудфандингтік платформаны басқару	Кез келген валюта
4	Цифрлық активтермен қызметтер*	
4.1	цифрлық активтер платформасын басқару (криптовалюта)	Кез келген валюта
4.2	цифрлық активтер биржасында цифрлық активтері бар	Кез келген валюта

¹ Ресми тізім (Official List) – АХҚО-ның 2018 жылғы 29 сәуірдегі №FR0017 «AIFC Glossary» (АХҚО глоссарийі) актісінде айқындалғандай



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

	дилерлік қызметтер	
4.3	цифрлық активтер биржасында цифрлық активтермен брокерлік қызметтер: - ай сайынғы лимиті 1000 АҚШ доллары баламасын құрайтын бөлшек инвесторлар болып табылатын клиенттерге (инвесторларға) қатысты; - кәсіби инвесторлар болып табылатын клиенттерге (инвесторларға) қатысты шектеусіз	Кез келген валюта
4.4	цифрлық активтермен кастодиандық қызметтер	Кез келген валюта
4.5	Инвестицияларды басқаруға беру немесе АХҚО-да құрылған және Комитеттің тиісті лицензиясы бар басқарушы компаниялардың басқаруындағы қорлардың цифрлық активтеріне (криптоактивтеріне) инвестициялау кезінде кемінде 150 000 АҚШ доллары баламасы сомасында қаржы активтері бар кәсіби инвесторлар болып табылатын клиенттерге (инвесторларға) қатысты цифрлық активтермен инвестицияларды басқару.	Кез келген валюта
* Ескерту: осы бөлімде көрсетілген қызметтер (операциялар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және уәкілетті органмен келісім бойынша АХҚО актісімен бекітілгеннен кейін («Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық Заңының 4-1-бабының 5-тармағына сәйкес) Цифрлық активтер биржасының және (немесе) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкімен цифрлық активтермен байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар АХҚО қатысушысының өзара іс-қимылының тәртібі мен тетігіне сәйкес көрсетіледі (жүргізіледі).		

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



**АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЕМЕС РЕЗИДЕНТТЕРГЕ АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ
КӨРСЕТЕТІН ІЛЕСПЕ ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ**

№	Қызмет атауы	Валюта
1	Кастодиандық қызметтерді ұйымдастыру	
1.1	делдалдық консультациялық қызметтер көрсету, клиенттердің төлемдерін жинау және өңдеу, кастодиан мен кастодиандық қызметті алатын тұлға арасындағы шарттың талаптарын келісу және реттеу	Кез келген валюта
2	Инвестицияларды таңдау кезіндегі қызметтер	
2.1	инвесторға немесе әлеуетті инвесторға белгілі бір инвестицияны таңдау жөнінде шешім қабылдауы үшін немесе оны сатып алу, сату, сақтау, жазылу немесе кепілдік берілген орналастыру мақсатында белгілі бір инвестицияға қызығушылық танытқан кезде көрсетілетін қызметтер	Кез келген валюта
3	Инвестицияларды жүзеге асыруға арналған қызметтері	
3.1	тұлғаға инвестицияларды сатып алу, сату, оған жазылу немесе оны кепілдікпен орналастыру мақсатында көрсетілетін қызметтер	Кез келген валюта
4	Кредиттеуді таңдау кезіндегі қызметтер	
4.1	қарыз алушыға немесе әлеуетті қарыз алушыға ол кредиттеудің белгілі бір түрін таңдау жөнінде шешім қабылдаған кезде кредиттеу түрлерінің мәні бойынша консультациялық қызметтер көрсету	Кез келген валюта
5	Кредит беруді жүзеге асыруға арналған қызметтер	
5.1	комиссияларды, жарналарды және өзге де төлемдерді жинау және өңдеу, кредит берушіге ақша қаражатын орналастыруға және қарыз алушыға кредит алуға жәрдемдесу, кредит беруші мен қарыз алушы арасындағы шарттық қатынастардың талаптарын келісу және реттеу, кредит беруге қатысты нұсқаулықтарды немесе растауларды беру	Кез келген валюта
6	Инвестициялық қорды құру және оның қызметін сүйемелдеу жөніндегі қызметтер	
6.1	активтерді бағалау және активтер құнын есептеу, операцияларды мониторингтеу және салыстыру, стейкхолдерлермен коммуникациялар жүргізу	Кез келген валюта
7	Инвестициялық қордың сенімгерлік меншік иесі ретіндегі қызметті жүзеге асыру	
7.1	инвестициялық қордың активтерін пайларды ұстаушылар үшін траст негізінде сақтау	Кез келген валюта
8	Исламдық қаржылық келісімшарт негізінде пайданы бөле отырып, шектеулі инвестициялық шотты басқару	
8.1	басқарушы компания мен ислам шотын ұстаушы (клиент) арасында пайданы/залалды бөле отырып, исламдық қаржылық келісімшарт шеңберінде ғана инвестициялауды шектеуді көздейтін инвестициялық шотты (портфельді, қорды) басқару	Кез келген валюта



**АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЕМЕС РЕЗИДЕНТТЕРГЕ АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ КЕЗ КЕЛГЕН
ВАЛЮТАДА КӨРСЕТЕ АЛАТЫН КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ**

№	Кәсіби қызметтің атауы
1	Заң қызметтері
2	Аудиторлық қызметтер
3	Бухгалтерлік есеп қызметтері



**АХҚО БАНКТЕРІ ӨЗДЕРІНІҢ КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТТАРЫ АРҚЫЛЫ ҚР ЕДБ-да
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚҰҚЫЛЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ТІЗБЕСІ**

№	Операция түрі
1	Банктің меншікті операциялары бойынша ақша қабылдау және аудару
2	Клиенттердің салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді, жалақы төлеу, орынжайларды жалдау жөніндегі нұсқауларын орындау, сондай-ақ АХҚО банкінің клиенттің ағымдағы банктік шотына ұсынылған инкассалық өкімдерді (салық органдары мен сот орындаушылары) орындауы
3	АХҚО және ҚҚБ биржасында ұлттық валютадағы бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша брокерлік комиссияларды, листингтік және өзге де биржалық алымдарды төлеу
4	АХҚО және ҚҚБ биржаларында ұлттық валютадағы бағалы қағаздар бойынша мәмілелер мен төлемдер бойынша есеп айырысулар
5	Ұлттық валютадағы қаржы құралдары бойынша, оның ішінде АХҚО-ға қатысушы банктердің номиналды ұстауындағы және ҚР ЕДБ-ға кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздар бойынша мәмілелер мен төлемдер бойынша есеп айырысу
6	АХҚО банкі көрсеткен консультациялық қызметтерге ақы төлеу

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



**АХҚО-ДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ
БЕРУ ТӘРТІБІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы қосымша валюталық реттеу мақсаттары үшін өздері жүргізген, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша жүргізген валюталық операциялар туралы ақпарат беру бойынша АХҚО қатысушыларына қойылатын, сондай-ақ АХҚО қатысушыларының тапсырмасы бойынша жүргізілген валюталық операциялар бойынша ҚР ЕДБ-ға қойылатын талаптарды белгілейді.
- 1.2. Валюталық реттеу мақсаттары үшін клиенттердің тапсырмалары бойынша жүргізілетін валюталық операциялар туралы АХҚО қатысушылары ұсынатын мәліметтерге мыналар жатады:
 - (a) АХҚО банктері жүргізетін валюталық операциялар бойынша, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша, сондай-ақ АХҚО қатысушыларының тапсырмалары бойынша – ҚР ЕДБ жүргізетін төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат;
 - (b) резидент-клиенттердің операциялары және олардың шоттарының жай-күйі туралы АХҚО банктері ұсынатын ақпарат;
 - (c) АХҚО қатысушыларының, оның ішінде бейрезиденттерге қойылатын талаптардың және олардың алдындағы міндеттемелердің өзгеруіне әсер еткен клиенттердің тапсырмасы бойынша жүргізген мәмілелері мен операциялары туралы ақпарат;
 - (d) АХҚО қатысушылары бейрезиденттермен жүзеге асырған бағалы қағаздармен және деривативтермен операциялар бойынша ақпарат;
 - (e) АХҚО қатысушыларының қаржы құралдарымен валюталық операцияларынан есептелген және алынған табыстар туралы ақпарат.
- 1.3. Өткізілетін валюталық операциялар туралы, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша мәліметтерді АХҚО және ҚР ЕДБ қатысушылары нысаны мен мерзімдері осы Қағидалармен айқындалған тұрақты есептер түрінде немесе Комитеттің сұратулары бойынша Комитетке ұсынады.
- 1.4. АХҚО қатысушылары Комитетке осы Қағидаларда көзделген мәліметтер мен ақпаратты электрондық цифрлық қолтаңбаның расталуымен қорғалған байланыс арналары арқылы электрондық тәсілмен ұсынады.
- 1.5. АХҚО қатысушылары АХҚО құқығына сәйкес ұсынбағаны, уақтылы ұсынбағаны, сондай-ақ дәйексіз деректерді бергені үшін жауапты болады.
- 1.6. АХҚО органдары мен олардың ұйымдары өздері жүзеге асырған өз операциялары туралы мәліметтерді Комитет ҚРҰБ-ға ұсынатын АХҚО қатысушылары жүргізген операциялар туралы есептерге енгізеді.
- 1.7. Ақша міндеттемелеріне және ақша төлемдеріне (аударымдарына) байланысты есептердегі деректер АҚШ долларында көрсетіледі. Егер өзгеше көрсетілмесе, онда міндеттеменің немесе ақша төлемінің (аударымының) валютасы АҚШ долларынан өзгеше болған жағдайда, АҚШ долларындағы баламасы операция жүргізілген күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.
- 1.8. Осы Қағидаларда көзделген ақпаратты ұсыну бойынша АХҚО қатысушыларының



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

операцияларды жүргізуге тыйым салынған түрлері жөнінде нөлдік мәні бар ақпарат ұсынылады.

- 1.9. АХҚО банктері және ҚР ЕДБ-ны қоса алғанда, АХҚО қатысушылары Комитетке ұсынатын есептіліктің барлық түрлері бойынша есепті кезең ішінде осы Қағидаларда ақпарат беру көзделген операциялар болмаған жағдайда, Комитетке нөлдік мәндері бар есептілікті ұсыну қажет. Осы тармақ осы Қағидалардың 4-қосымшасына қолданылмайды.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 1-бөліміне өзгеріс енгізілді.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

- 2.1. Осы қосымшаның мақсаттары үшін Қағидаларда АХҚО-дағы валюталық реттеу қағидаларында көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:
- (a) инвестициялау объектісі – бағалы қағаздары (қатысушылардың дауыстары) сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, инвестициялық пай қоры, сондай-ақ мүлкіне мүліктік жарналар енгізілетін (енгізілген) ұйымдар. Депозитарлық қолхаттар жағдайында олардың базалық активі инвестициялау объектісі болып есептелетін бағалы қағаздың эмитенті болып табылады;
 - (b) меншікті операциялар – шарттың тарапы болып табылатын резиденттің өз атынан және өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын валюталық операциялары.
- 2.2. Депозитарлық қызметтер – AIFC General Rules 1-қосымшасының 17-тармағында анықталғандай реттелетін қызмет түрі.
- 2.3. Кастодиандық қызметтер – AIFC General Rules 1-қосымшасының 5-тармағында анықталғандай реттелетін қызмет түрі.

3. АХҚО БАНКТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ҚР ЕДБ-НЫҢ ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

- 3.1. АХҚО банкі мен ҚР ЕДБ Комитетке мыналарды ұсынады:
- (a) осы қосымшаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша валюталық операциялар бойынша жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы, оның ішінде АХҚО қатысушыларының тапсырмалары бойынша 50 000 АҚШ доллары баламасына тең немесе одан асатын сомаға оның аумағында жасалатын валюталық операциялар жөнінде есеп. Есеп ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады;
 - (b) осы қосымшаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АХҚО банктерінде ашылған клиенттердің шетел валютасындағы банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы, соның ішінде ақша қаражатының қалдықтары бойынша деректер қамтылған есеп. Есеп ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірілмей ұсынылады.
 - (c) осы қосымшаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚР ЕДБ-да депозиттік шоттар ашқан АХҚО қатысушыларының банктік шоттары туралы есеп. Есеп тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірілмей ұсынылады.
- 3.2. Валюталық операцияларды жасау мән-жайларын нақтылау мақсатында Комитет АХҚО



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

банкiнен оның негiзiнде және (немесе) оны орындау үшiн төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылған немесе АХҚО банкiнiң тиiстi мiндеттемесi туындайтын шартты ұсынуды сұратуға құқылы.

- 3.3. Комитет есептi айдан кейiнгi айдың 18 (он сегiзiншi) күнiнен кешiктiрмей ҚРҰБ-ға осы қосымшаға 1-қосымшаның нысаны бойынша мәлiметтердi ұсынады және есептi айдан кейiнгi айдың 15 (он бесiншi) күнiнен кешiктiрмей ҚРҰБ-ға осы қосымшаға 2-қосымшаның нысаны бойынша мәлiметтердi қорғалған байланыс арналары арқылы электрондық тәсiлмен ұсынады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргiзiлетiн валюталық операциялар туралы мәлiметтердi беру қағидаларына өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 3-бөлiмiне өзгерiс енгiзiлдi.

4. КАСТОДИАНДЫҚ, ДЕПОЗИТАРЛЫҚ, ДИЛЕРЛiК ЖӘНЕ БРОКЕРЛiК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТiН АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ МӘЛiМЕТТЕРДi ҰСЫНУ ТӘРТiБi

- 4.1. Комитеттiң лицензиясына сәйкес дилерлiк және(немесе) брокерлiк; кастодиандық; және депозитарлық қызметтер көрсететiн АХҚО қатысушылары тоқсан сайын есептi айдан кейiнгi айдың 15 (он бесiншi) күнiнен кешiктiрмей осы қосымшаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комитетке бағалы қағаздар туралы есептердi ұсынады.

Комитет қатысушылардың есептерiн есептi тоқсаннан кейiнгi айдың 20 (жиырмасыншы) күнiнен кешiктiрмей ҚРҰБ-ға ұсынады.

Комитет есептi тоқсаннан кейiнгi екiншi айдың 10-күнiнен кешiктiрмей ҚРҰБ-ға осы қосымшаға 6-қосымшаға сәйкес инвестицияларды басқару қызметтерiн көрсететiн АХҚО қатысушыларының басқаруындағы инвестициялар көлемi жөнiнде деректердi ұсынады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргiзiлетiн валюталық операциялар туралы мәлiметтердi беру қағидаларына өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.1- тармағына өзгерiс енгiзiлдi.

- 4.2. Есеп АХҚО қатысушыларының өз операциялары және олардың клиенттерiнiң операциялары бойынша ұсынылады. Комитет лицензиясына сәйкес дилерлiк және(немесе) брокерлiк қызметтер көрсететiн АХҚО қатысушылары; инвестицияларды басқару жөнiндегi кастодиандық және (немесе) қызметтер төмендегi клиенттердiң атынан жүргiзiлген операциялар бойынша деректердi ұсынбайды:

- АХҚО-ның басқа қатысушылары;
- «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы;
- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгiнiң тиiстi лицензиясы бар ҚР Бағалы қағаздар нарығының кәсiби қатысушылары.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргiзiлетiн валюталық операциялар туралы мәлiметтердi беру қағидаларына өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.2- тармағына өзгерiс енгiзiлдi.

- 4.3. Есепте есептi кезеңде:

- 1) Қазақстан Республикасында резиденттер шығарған және клиентке – АХҚО қатысушысының бейрезиденттiне тиесiлi бағалы қағаздармен (операция коды – 1111);
- 2) бейрезиденттер шығарған және АХҚО қатысушысына және клиентке – АХҚО қатысушысының резиденттiне тиесiлi бағалы қағаздармен (операция коды – 2220);



- 3) шетелде резиденттер шығарған және АХҚО қатысушысы немесе клиентке – АХҚО қатысушысының резидентіне тиесілі бағалы қағаздармен (операция коды – 2120);
- 4) шетелде резиденттер шығарған және клиентке – АХҚО қатысушысының бейрезидентіне тиесілі бағалы қағаздармен (операция коды – 2121) жүргізілген операциялар жөнінде деректер көрсетіледі.

Есепте бағалы қағаздардың саны, олардың есепті кезеңнің басындағы және соңындағы құны жөнінде деректер, деректер болған кезде-бағалы қағаздарды иеленуден түскен инвестициялық кіріс және қызмет көрсеткені үшін комиссиялық алымдар, оның ішінде есепті кезеңде операциялар болмаған жағдайда ұсынылады.

Осы қосымшаға 3-қосымшада бағалы қағаздарды кері сатып алу операциялары (тікелей және кері репо) көрсетілмейді. Репо операцияларына тартылған бағалы қағаз бойынша есепті кезеңнің басындағы және соңындағы деректер бағалы қағаздың бастапқы иесі бойынша көрсетіледі.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.3- тармағына өзгеріс енгізілді.

4.4. Деректер түпкілікті бенефициарлардың бөлінісінде бағалы қағаздың әрбір түрі бойынша жеке ұсынылады:

- А) ел коды – «Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес түпкілікті бенефициар-шот иесінің елінің үш таңбалы цифрлық коды;
- В) шот иесі – бенефициардың сектор коды:
 - «1» орталық үкімет;
 - «2» өңірлік және жергілікті басқару органдары;
 - «3» орталық (ұлттық) банктер;
 - «4» басқа депозиттік ұйымдар;
 - «5» басқа қаржы ұйымдары;
 - «6» мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар;
 - «7» мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар;
 - «8» үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;
 - «9» үй шаруашылықтары.

Депозитарлық қызмет көрсететін АХҚО қатысушысы өзінің клиенті – АХҚО депозитарийінің қатысушы бөлінісінде елдің және экономика секторының кодын көрсетеді.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.4- тармағына өзгеріс енгізілді.

4.5. Қаржылық операциялар резидент пен бейрезидент арасындағы бағалы қағаздарға экономикалық меншік құқығының өзгеруін білдіретін операцияларды қамтиды және мәміледе көрсетілген құн бойынша (болмаған жағдайда – келісім жасалған күні нарықта белгіленетін баға бойынша) көрсетіледі: бағалы қағаздарды бастапқы және қайталама нарықтарда сатып алу (сату), өзара келісім бойынша бағалы қағаздарды есепке алу/есептен шығару; бағалы қағаздарды сыйлыққа алу (беру), мұра бойынша алу.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.5- тармағына өзгеріс енгізілді.



4.6. Басқа операцияларға мыналар жатады:

- 1) нәтижесінде бағалы қағаздарға меншік құқығын беруге әкеп соқпайтын резидент пен бейрезидент арасындағы операциялар (бағалы қағаздарды номиналды ұстауға беру, клиенттердің бір номиналды ұстаушыдан немесе тіркеушіден басқа номиналды ұстаушыға немесе тіркеушіге ауысуы);
- 2) қаржы операцияларына жатқызылғандарды қоспағанда, меншік құқығын бере отырып, резидент пен бейрезидент арасындағы операциялар: сот шешімі бойынша бағалы қағаздарды иеліктен шығару;
- 3) меншік құқығын беру арқылы бейрезиденттер арасындағы операциялар (қайталама нарықта сатып алу, қайталама нарықта сату);
- 4) меншік құқығын беру арқылы резиденттер арасындағы операциялар (қайталама нарықта сатып алу, қайталама нарықта сату).

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.6- тармағына өзгеріс енгізілді.

4.7. 20-баған бойынша құн өзгерістері валюта бағамының ауытқуы салдарынан болған құн өзгерістерін (Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларынан басқа шетел валютасымен номиналданған бағалы қағаздар жағдайындағы бағамдық айырма), сондай-ақ бағалы қағаздың нарықтық құнының өзгерістерін қамтиды.

Құн өзгерістерін дұрыс көрсету үшін алдымен номинация валютасындағы статистикалық нысан толтырылады, содан кейін ғана ағындар мен қорлар тиісті бағамдар бойынша АҚШ долларына ауыстырылады. Құн өзгерістерінен басқа барлық бағандар толтырылғаннан кейін есепке алу валютасындағы 20-баған қалдық әдіспен айқындалады:

20-баған = 22-баған – 7-баған – 9-баған + 11-баған – 13-баған + 15-баған – 17-баған + 19-баған әр жол үшін.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.7- тармағына өзгеріс енгізілді.

4.8. 23-бағанда борыштық бағалы қағаздар бойынша ғана деректер көрсетіледі:

- 1) респонденттің немесе оның клиентінің есепті кезеңде бағалы қағазды иеленген күндері үшін жарияланған сыйақыны есептеу;
- 2) респонденттің немесе оның клиентінің есепті кезеңде бағалы қағазды иеленген күндері үшін сыйлықақының немесе дисконттың амортизациясы.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.8- тармағына өзгеріс енгізілді.

4.9. 24-бағанда есепті кезеңде алынған кірістер бойынша деректер көрсетіледі:

- 1) респондент немесе оның клиенті есепті кезеңде алған дивидендтер;
- 2) есепті кезеңде эмитент борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеген кезде респондент немесе оның клиенті алған сыйақы.

Осы тармақта көрсетілген кірістер олардан ұсталатын кез келген комиссиялық алымдарды



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

немесе салықтарды қамтитын сомада көрсетіледі.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4.9- тармағына өзгеріс енгізілді.

4.10. 25-бағанда бейрезидент-клиент респондентке төлейтін брокерлік қызметтер, консультациялық, ақпараттық және өзге де қызметтер үшін комиссиялық кіріс бойынша деректер көрсетіледі.

АХҚО депозитарийі үшін Депозитарийдің әрбір бейрезидент-клиенті бойынша бөліністе комиссияларды жиынтықта көрсетуге жол беріледі. Бұл жағдайда комиссия бейрезидент клиентке тиесілі бағалы қағаз бойынша (кезең соңындағы ең үлкен көлем бойынша) көрсетіледі.

4.11. Қайталама нарықта бағалы қағаздарды сатып алу және сату 13 және 15-бағандарда ағымдағы нарықтық құн немесе клиент-сатып алушы немесе сатушы көрсеткен бағаға сәйкес құн бойынша көрсетіледі.

4.12. 6 және 7-бағандардағы есепті кезеңнің басындағы бағалы қағаздар бойынша позициялар олардың алдыңғы кезеңнің соңындағы позицияларына тең. 22-бағандағы есепті кезеңнің соңындағы бағалы қағаздар бойынша позиция есепті кезеңнің соңындағы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жарияланған нарықтық баға негізге алына отырып айқындалады.

4.13. Меміелелер ұйымдастырылмаған нарықта жасалатын бағалы қағаздар жағдайында есепті кезеңнің соңында бағалы қағаздар бойынша позицияны бағалау үшін мынадай бағалар артықшылық тәртібімен қолданылады:

- (a) соңғы мәміле бойынша бағалы қағаздың бағасы;
- (b) сатып алуға байланысты шығыстарды қоспағанда, сатып алу құны бойынша бағалы қағаздың бағасы (брокерлік сыйақы, банк қызметтері үшін сыйақы);
- (c) бағалы қағаздың номиналды құны.

4.14. Қаржылық операциялар және басқа шетел валюталарында көрсетілген өзге де көрсеткіштер мынадай түрде айқындалған кросс-бағам бойынша АҚШ долларына аударылады:

- 1) кезеңнің басындағы құн өткен кезеңнің соңындағы кросс-бағам бойынша аударылады;
- 2) кезең соңындағы құн-есепті кезең соңындағы кросс-бағам бойынша аударылады;
- 3) қаржылық және өзге де операциялар, инвестициялық кіріс және комиссиялар – операцияны жүргізу күніне кросс-курс бойынша не есепті кезеңдегі орташа өлшенген кросс-курс бойынша аударылады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 4- бөліміне өзгеріс енгізілді.

5. АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

5.1. АХҚО қатысушысы Комитетке оның негізінде және оны орындау үшін 500 000 АҚШ долларына тең немесе одан асатын сомаға капитал қозғалысы операциялары жүзеге асырылатын шарт жөнінде осы қосымшаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

береді. Ақпарат осы шарт бойынша төлемдер жүргізу басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзім өткенге дейін беріледі. АХҚО банктері бейрезиденттерден тартатын қаржылық қарыздар бойынша нысанның 1-бөлігі шарт 180 күннен астам мерзімге жасалған жағдайда толтырылады.

Тарап және (немесе) шарт валютасы өзгерген кезде АХҚО қатысушысы Комитетке осы қосымшаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат береді. Ақпарат шартқа өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзім өткенге дейін беріледі.

Ескерту. 5.1- тармағы 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді - «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен.

5.2. ҚРҰБ сұрауы бойынша АХҚО қатысушылары Комитетке қаржылық қарыздар бойынша берешекті өтеу жөніндегі болжамды деректер туралы ақпарат ұсынады.

5.3. Комитет ҚРҰБ-ға осы қосымшаға 4-қосымшаның нысаны бойынша, қаржылық қарыздар бойынша берешекті (болған жағдайда) өтеу жөніндегі болжамды деректер жөніндегі ақпаратты ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін ұсынады.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшасының 5.3- тармағына өзгеріс енгізілді.



Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп
(банк есебінде төлем туралы ақпаратты көрсету құрылымы)

АХҚО банкінің/ ҚР ЕДБ атауы

(банк есебінде төлем туралы ақпаратты көрсету құрылымы)

АХҚО банкінің/ ҚР ЕДБ БСН-і

Жиілігі: ай сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне (қоса алғанда) дейін

Нысаны

1. Валюталық шарт деректемелері		
Валюталық шарттың нөмірі	Валюталық шарттың күні	Валюталық шарттың есептік нөмірі
1.1	1.2	1.3

кестенің жалғасы

2. Төлем құжаты бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Елдің коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
2.1	2.2	2.3	2.4	2.5

кестенің жалғасы

3. Төлем құжаты бойынша бенефициар				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	БСН, ЖСН	Елдің коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
3.1	3.2	3.3	3.4	3.5

кестенің жалғасы

4. Валюталық операция туралы ақпарат								
Күні	Валюталық операция референсі	Валюталық операцияның коды	Төлем мақсатының коды (ТМК)	Сомасы валюта бірлігімен	Төлем валютасының коды	Төлем белгісі	Корпоративтілік ақша аударымының белгісі	Ақшаны алуға байланысты операцияның белгісі
4.1	4.2	4.3	4.4	4.5	4.6	4.7	4.8	4.9

кестенің жалғасы

5. Валюталық операция бойынша контрагенттің ұйымы (банкі) туралы ақпарат		
Ұйымның (банктің) сәйкестендіру коды (БСК)	Атауы	Елдің коды
5.1	5.2	5.3



кестенің жалғасы

6. Валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	БСН, ЖСН	Елдің коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
6.1	6.2	6.3	6.4	6.5

кестенің жалғасы

7. Валюталық шарт бойынша ақша алушы				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	БСН, ЖСН	Елдің коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
7.1	7.2	7.3	7.4	7.5

кестенің жалғасы

8. Ескерту

Мекенжай

Телефон

Электронды пошта мекенжайы

Қызмет түрі

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)
Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

қолы, телефон

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)
Есепке қол қою күні «___» _____ 20__ жыл

қолы, телефон

(сәйкестендіру коды) _____

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



**Өткізілген валюталық операциялар туралы есепті
толтыру жөнінде түсініктеме**

1. Нысанға айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату) бойынша ақпарат енгізілмейді.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі ақпаратты АХҚО банкі және (немесе) ҚР ЕДБ резиденттен немесе бейрезиденттен осындай төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат алу шамасына қарай түзетеді.

2. Нысанның 1, 6 және 7-бөліктері валюталық шарт негізінде валюталық операциялар жүргізілген жағдайда толтырылады.
3. Нысанның 1-бөлігінде валюталық шарттың деректемелері көрсетіледі. Егер валюталық шартқа есептік нөмір берілсе, 1.3-баған толтырылады.
4. Нысанның 2 және 3-бөліктерінде төлем құжатына сәйкес ақша жөнелтуші және бенефициар туралы ақпарат көрсетіледі.

2.3 және 3.3-бағандарда ҚР ҰС ISO 3166-1 «Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары» Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес ақша жөнелтушінің, бенефициардың тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды көрсетіледі.

2.4, 2.5, 3.4 және 3.5-бағандар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау қағидаларына (бұдан әрі – Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау қағидалары) сәйкес толтырылады.

2 және 3-бөліктерде банктік шоттан қолма-қол ақшаны енгізу (алу) кезінде үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына қолма-қол ақшаны енгізген (алған) жағдайларды қоспағанда, шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады. Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына қолма-қол ақша салған кезде 2-бөлімде ақша салатын тұлға туралы, 3-бөлімде – шот иесі туралы ақпарат толтырылады.

Қолма-қол ақшаны үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотынан алған кезде 2-бөлімде шот иесі туралы ақпарат толтырылады, 3-бөлімде ақшаны шығарып алатын тұлға туралы ақпарат толтырылады.

АХҚО банкі және (немесе) ҚР ЕДБ шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа да төлем құжаттарын немесе өзге де валюталық құндылықтарды сатуы кезінде нысанның 2-бөлігінде АХҚО Банкі және (немесе) ҚР ЕДБ туралы, нысанның 3-бөлігінде – клиент-сатып алушы туралы ақпарат көрсетіледі. АХҚО банкінің және (немесе) ҚР ЕДБ шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа да төлем құжаттарын немесе өзге де валюталық құндылықтарды сатып алуы кезінде нысанның 2-бөлігінде клиент-сатушы туралы, нысанның 3-бөлігінде – АХҚО банкі және (немесе) ҚР ЕДБ туралы ақпарат көрсетіледі.

5. Нысанның 4-бөлігінде валюталық операция туралы ақпарат көрсетіледі.

4.2-бағанда валюталық операцияның төрт бөліктен тұратын референсі көрсетіледі:

- 1) бірінші бөлімде ҚР ЕДБ үш таңбалы коды немесе Комитет беретін АХҚО банкінің коды көрсетіледі,



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ

- 2) екінші бөлімде ҚР ЕДБ филиалының коды немесе Комитет беретін АХҚО банкінің үш саннан тұратын коды көрсетіледі;
- 3) үшінші бөлімде есепте валюталық операцияның реттік нөмірі көрсетіледі;
- 4) төртінші бөлімде «күні айы жылы» форматында есепті күн көрсетіледі.

4.3-баған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының «Валюталық операция туралы мәліметтер» нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмеге қосымша болып табылатын валюталық операциялар кодтарының кестесіне сәйкес толтырылады.

4.4-баған Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау қағидаларына сәйкес толтырылады.

4.6-бағанда «Валюталар мен қорларды ұсынуға арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес валютаның үш таңбалы әріптік коды көрсетіледі.

4.7-бағанда жіберілген төлемдер немесе ақша аударымдары, қолма-қол шетел валютасын алу немесе АХҚО банкінің және (немесе) ҚР ЕДБ шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа да төлем құжаттарын немесе өзге де валюталық құндылықтарды сатуы бойынша операциялар үшін – «01», кіріс төлемдер және ақша аударымдары, қолма-қол шетел валютасын есепке алу немесе АХҚО банкі және (немесе) ҚР ЕДБ шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа да төлем құжаттарын немесе өзге де валюталық құндылықтарды сатып алуы бойынша операциялар үшін – «02» көрсетіледі.

4.8-бағанда егер төлем және (немесе) ақша аударымы заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшелері арасында немесе бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасында жүзеге асырылса «1» көрсетіледі, қалған жағдайларда «0» көрсетіледі.

4.9-баған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының 16-1 және 16-2-тармақтарына сәйкес мынадай түрде толтырылады:

«1.1» – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алуға жататын ақшаны резиденттің ҚР ЕДБ-дағы банк шоттарына аударуды жүзеге асыру көзделмесе, бейрезиденттің резидентке (ҚР ЕДБ қоспағанда) ақша беруін көздейтін қаржылық қарыз;

«1.2» – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алуға жататын ақшаны резиденттің ҚР ЕДБ-дағы банк шоттарына аударуды жүзеге асыру көзделмесе, резидентте (ҚР ЕДБ қоспағанда) бейрезидентке ақшаны қайтару жөніндегі талаптарының туындауын көздейтін қаржылық қарыз;

«1.3» – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) қаржылық қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделмесе, резиденттің аффилиирленген тұлға болып табылмайтын бейрезидентке ақша беруін көздейтін қаржылық қарыз;

«1.4» – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттің экспортты төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап 720 (жеті жүз жиырма) күннен асады деп көзделген жағдайдағы экспорт бойынша операциялар;

«1.5» – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттің тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) немесе ақшаны, соның ішінде аванстық төлемді немесе алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтару (бейрезидент өзінің импорт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда) жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерін орындаған күннен бастап 720 (жеті жүз жиырма) күннен асқан жағдайдағы импорт жөніндегі операциялар;



«1.6» – резиденттің клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының бейрезидент-кәсіби қатысушысына баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударуы;

«1.7» – резиденттің шетелдегі өз шотына баламасын 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударуы;

«1.8» – резидент бейрезиденттің пайдасына баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомаға ақшаны өтеусіз аударуы;

«2» – осындай валюталық шарттар есептік нөмір беруге жататын шекті мәннен асатын жалпы сомаға бір бейрезидентпен жасалған екі немесе одан да көп валюталық шарттар бойынша күнтізбелік ай үшін бір тұлғаның төлемдері және (немесе) ақшасын аударымдары;

«0» – қалған жағдайларда.

6. Нысанның 5-бөлігінде валюталық операция бойынша контрагенттің ұйымы (банкі), алынған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін ақша жөнелтушінің ұйымы (банкі), жіберілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін бенефициардың ұйымы (банкі) туралы ақпарат көрсетіледі. Банкішілік валюталық операциялар бойынша есеп беретін АХҚО банкі және (немесе) ҚР ЕДБ туралы ақпарат көрсетіледі. Солардың негізінде ақша төлемі және (немесе) аударымы жүргізілетін құжаттарда ақша жөнелтушінің ұйымы (банкі) туралы ақпарат болмаған кезде 5-бөлім толтырылмайды.

5.3-бағанда ҚР ҰС ISO 3166-1 «Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары» Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес ақша жөнелтушінің, бенефициардың ұйымының (банкісінің) екі әріптік коды көрсетіледі. Банкішілік валюталық операциялар үшін «KZ» коды көрсетіледі.

7. Нысанның 6 және 7-бөліктерінде ақша жөнелтуші немесе валюталық шарт бойынша ақша алушы туралы мәліметтер көрсетіледі. Егер валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші (алушы) төлем құжаты бойынша ақша жөнелтушімен (бенефициармен) сәйкес келсе, онда 6 (7) бөлімде Нысанның 2 (3) бөлігіне ұқсас ақпарат толтырылады.

6.3 және 7.3-бағандарда ҚР ҰС ISO 3166-1 «Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары» Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес валюталық шарт бойынша ақша жөнелтушінің немесе алушының тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды көрсетіледі.

6.4, 6.5, 7.4 және 7.5-бағандар Экономика секторларының кодтарын қолдану және төлемдерді тағайындау қағидаларына сәйкес толтырылады.

8. Нысанның 8-бөлігінде Нысанның 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-бөліктеріне енгізілмеген қосымша ақпарат: инвестициялау объектісі, бағалы қағаздар эмитенті, жылжымайтын мүлік объектісінің елі, төлемнің ерекше шарттары, валюталық заңнама бойынша ақша жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шотына ақшаның түскен күні туралы ақпарат көрсетіледі.
9. Нысанның 8-бөлігінде нақтылайтын ақпараттың болмауы бұзушылық болып табылмайды. Белгіленген шекті мәннен аз сомаға валюталық операцияларды Нысанға енгізу бұзушылық болып табылмайды.
10. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.
11. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) ұсыну мерзімінен кейін 1 (бір) ай ішінде енгізіледі.



Клиенттердің банк шоттарындағы шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы есеп

АХҚО банкінің/ ҚР ЕДБ атауы

АХҚО банкінің/ ҚР ЕДБ БСН-і

Жиілігі: ай сайын

Есепті кезең: « ____ » _____ 20 ____ жыл

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне

(қоса алғанда) дейін

Нысаны

валюта

бірліктерімен

№	№	Жол коды	Барлығы					1					...						
			Барлығы (теңге)	оның ішінде валюта түрлері бойынша (валюта бірлігінде)				Барлығы (теңге)	түрлері бойынша (валюта бірлігінде)				Барлығы (теңге)	түрлері бойынша (валюта бірлігінде)					
				U S D	E U R	R U B	C N Y		U S D	E U R	R U B	C N Y		U S D	E U R	R U B	C N Y		
A	B	B	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	1	2	3	4	15	
1	Кезеңнің басындағы қалдық	100000																	
2	Клиенттердің банктік шоттарына шетел валютасымен түсім, барлығы	210000																	
3	оның ішінде:																		
4	резиденттерден	211000																	
5	оның ішінде операциялар бойынша:																		
6	тауарлар мен материалдық емес активтерді сату	211110																	
7	қызмет көрсету	211120																	
8	берілген қарыздар бойынша борыштың және кірістердің негізгі сомасын алу	211130																	
9	резидент-банктерден қарыздар тарту	211140																	
10	бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар:	211150																	
11	басқа ақша аударымдары	211160																	
12	бейрезиденттердің	212000																	
13	оның ішінде операциялар бойынша:																		
14	тауарлар мен материалдық емес активтерді сату	212110																	
15	қызмет көрсету	212120																	
16	берілген қарыздар бойынша борыштың	212130																	



**АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ**

	және кірістердің негізгі сомасын алу																					
17	қарыздарды тарту	212140																				
18	бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар:	212150																				
19	басқа ақша аударымдары	212160																				
20	клиенттердің өз банктік шоттарынан ақша аударымдары	210300																				
21	олардың ішінде мыналарда ашылған:																					
22	резидент-банктерде	210301																				
23	бейрезидент-банктерде	210302																				
24	теңгеге шетел валютасын сатып алу	210400																				
25	қолма-қол шетел валютасын өзінің банктік шоттарына енгізу	210500																				
26	Клиенттердің банк шоттарынан шетел валютасымен ақша алу, барлығы	220000																				
27	оның ішінде мыналардың пайдасына:																					
28	резиденттердің	221000																				
29	оның ішінде операциялар бойынша:																					
30	тауарлар мен материалдық емес активтерді сатып алу	221110																				
31	қызметтерді алу	221120																				
32	қарыздар беру	221130																				
33	резидент-банктерден тартылған қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау	221140																				
34	бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар:	221150																				
35	басқа ақша аударымдары	221160																				
36	бейрезиденттердің	222000																				
37	оның ішінде операциялар бойынша:																					
38	тауарлар мен материалдық емес активтерді сатып алу	222110																				
39	қызметтерді алу	222120																				
40	қарыздар беру	222130																				
41	қарыздар бойынша міндеттемелерді	222140																				



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ

орындау																			
4 2	бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар:	222150																	
4 3	басқа ақша аударымдары	222160																	
4 4	клиенттердің өз банктік шоттарына ақша аударымдары	220300																	
4 5	олардың ішінде мыналарда ашылғаны:																		
4 6	резидент-банктерде	220301																	
4 7	бейрезидент-банктерде	220302																	
4 8	теңгеге шетел валютасын сату	220400																	
4 9	өз банктік шоттарынан қолма-қол шетел валютасын алу	220500																	
5 0	Кезеңнің соңындағы қалдық	300000																	
5 1	шетел валютасын (оның ішінде басқа шетел валютасына) сатып алу, барлығы	410400																	
5 2	оның ішінде бейрезиденттердің пайдасына төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру үшін	412400																	
5 3	шетел валютасын (оның ішінде басқа шетел валютасына) сату, барлығы	420400																	

Мекенжай _____

Телефон _____

Электронды пошта мекенжайы _____

Қызмет түрі _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон

бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон

Есепке қол қою күні « ____ » _____ 20 ____ жыл

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



Клиенттердің банктік шоттарындағы
шетел валютасындағы
ақша қозғалысы туралы есеп нысанына
қосымша

**Клиенттердің банктік шоттарындағы шетел валютасындағы
ақша қозғалысы туралы есеп нысанын
толтыру жөнінде түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Клиенттердің банк шоттарындағы шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы есеп» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтырудың бірыңғай талаптарын айқындайды.
2. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру жөнінде түсіндірме

3. Нысан банктің әрбір клиенті үшін толтырылады және банк клиенттерінің шетел валютасындағы банктік шоттарының жалпы жай-күйін көрсетеді: келесі валюталарда – АҚШ доллары, еуро, Ресей рубльдері және Қытай юандарымен ашылған банк клиенттерінің банктік шоттары бойынша операциялар нәтижесінде болған есепті кезеңдегі өзгерістерді бөліп көрсете отырып, кезеңнің басындағы және соңындағы қалдықтар енгізіледі. Қорытынды баған бойынша деректер теңгемен толтырылады, валюта түрлері бойынша бағандар банк шотының валюта бірліктерімен толтырылады.
4. Нысанды толтыру кезінде АХҚО банкі және (немесе) ҚР ЕДБ клиенттің төлемін (аударымын) банктік шот валютасынан басқа валютада жүргізген жағдайда, төлем (аударым) валюта айырбасталуы ретінде емес, нақты мәнде көрсетіледі.
5. Нысанды толтыру кезінде келесі шарттардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

кестесінің барлық жолдарындағы 1, 2, 3, 4, 5-бағандар банктік шоттың тиісті валютасына сәйкес барлық клиенттер бойынша мәндердің сомаларына тең;

100000 коды бар жол = өткен есепті кезең үшін 300000 коды бар жолдар;

300000 коды бар жол = 100000 коды бар жол + (210000 коды бар жол - 210400 коды бар жол) + 410400 коды бар жол - (220000 коды бар жол - 220400 коды бар жол) - 420400 коды бар жол;

210000 коды бар жол = 211000 коды бар жол + 212000 коды бар жол + 210300 коды бар жол + 210400 коды бар жол + 210500 коды бар жол;

211000 коды бар жол = 211110 коды бар жол + 211120 коды бар жол + 211130 коды бар жол + 211140 коды бар жол + 211150 коды бар жол + 211160 коды бар жол;

211140 коды бар жолда резидент банктерден қарыздар тарту жөніндегі операциялар есепті ұсынатын банктен тартылған қарыздарды да қамтиды;

212000 коды бар жол = 212110 коды бар жол + 212120 коды бар жол + 212130 коды бар жол + 212140 коды бар жол + 212150 коды бар жол + 212160 коды бар жол;

210300 коды бар жол = 210301 коды бар жол + 210302 коды бар жол;



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ

210301 коды бар жолда клиенттердің резидент-банктерде ашылған өздерінің банктік шоттарынан ақша аударымдары, сондай-ақ клиенттердің есеп беретін банкте ашылған банктік шоттан ақша аударымдарын (банкшілік аударымдар) қамтиды;

220000 коды бар жол = 221000 коды бар жол + 222000 коды бар жол + 220300 коды бар жол + 220400 коды бар жол + 220500 коды бар жол;

221000 коды бар жол = 221110 коды бар жол + 221120 коды бар жол + 221130 коды бар жол + 221140 коды бар жол + 221150 коды бар жол + 221160 коды бар жол;

221140 коды бар жолда резидент банктерден тартылған қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі операция есепті ұсынатын банктен тартылған қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі операцияларды да қамтиды;

222000 коды бар жол = 222110 коды бар жол + 222120 коды бар жол + 222130 коды бар жол + 222140 коды бар жол + 222150 коды бар жол + 222160 коды бар жол;

220300 коды бар жол = 220301 коды бар жол + 220302 коды бар жол;

220301 коды бар жолда клиенттердің резидент-банктерде ашылған өздерінің банктік шоттарына ақша аударымдары, сондай-ақ клиенттердің есеп беретін банкте ашылған өзінің банктік шотына ақша аударымдарын (банкшілік аударымдар) қамтиды;

410400 коды бар жол > = 412400 коды бар жол.

6. Нысандағы деректерге түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 1 (бір) ай ішінде енгізіледі.
7. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.



5-қосымшаға 3-қосымша

Резидент-клиенттердің шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарымен, басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында резиденттер шығарған бағалы қағаздармен операциялары және бейрезидент-клиенттердің ҚР резиденттері шығарған бағалы қағаздармен операциялары жөнінде есеп

АХҚО қатысушысының атауы				
Мекенжайы				
БСН				
Кезең	Тоқсан нөмірі		жыл	
АХҚО қатысушысының орындаушысының Т.А.Ә.				
Телефон				
E-mail				
Қызмет түрі				

P/c №	Операция коды	ISIN	Шот иесі түрінің коды		Есепті кезеңнің басында		Қаржылық операциялар							
					саны, дана	БҚ құны	бастапқы нарықта сатып алу		Эмитенттің өтеуі / сатып алуы		қайталама нарықта сатып алу		қайталама нарықта сату	
			саны, дана	БҚ құны			саны, дана	БҚ құны	саны, дана	БҚ құны	саны, дана	БҚ құны	саны, дана	БҚ құны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ

Басқа операциялар				Құндағы өзгерістер	Есепті кезеңнің соңына		Инвестициялық кіріс		Алынған комиссиялық ақы	Активтің / қаржы құралының атауы	Эмитенттің атауы	Эмиссия валютасы
БҚ есепке алу бойынша		БҚ есептен шығару бойынша			саны, дана	Саны, дана	Есептік кезеңде есепке алынды	Есептік кезеңде алынды				
саны, дана	БҚ құны	саны, дана	БҚ құны									
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28

Операция коды – 1111. Қазақстан Республикасында резиденттер шығарған және АХҚО қатысушысының бейрезидент-клиентіне тиесілі бағалы қағаздар;

Операция коды – 2220. Бейрезиденттер шығарған және АХҚО қатысушысына немесе АХҚО қатысушысының резидент-клиентіне тиесілі бағалы қағаздар;

Операция коды – 2120. Шетелде резиденттер шығарған және АХҚО қатысушысына немесе АХҚО қатысушысының резидент-клиентіне тиесілі бағалы қағаздар;

Операция коды – 2121. Шетелде резиденттер шығарған және АХҚО қатысушысының бейрезидент-клиентіне тиесілі бағалы қағаздар.

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



5-қосымшаға 4-қосымша

Олардың негізінде және оларды орындау үшін капитал қозғалысының валюталық операциялары жүзеге асырылатын шарттар жөнінде ақпарат

Олардың негізінде және оларды орындау үшін 500 000 АҚШ доллары баламасына тең немесе одан асатын сомаға капитал қозғалысының валюталық операциялары жүзеге асырылатын валюталық шарттар жөнінде ақпарат беріледі. АҚШ долларындағы балама шарт күшіне енген күнгі нарықтық айырбас бағамы (кросс-бағам) бойынша есептеледі. Ақпарат келесі құрылым бойынша беріледі:

АХҚО қатысушысының атауы				
Мекенжайы				
БСН				
Кезең	Ай нөмірі		Жыл	
АХҚО қатысушысының орындаушысының Т.А.Ә.				
Телефон				
E-mail				
Қызмет түрі				

1. АХҚО қатысушысы бейрезиденттен тартқан (АХҚО қатысушысы бейрезидентке берген) қаржылық қарыздар туралы ақпарат

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Қаржылық қарыз туралы ақпарат 1	Қаржылық қарыз туралы ақпарат 2
A	B	1	2
1	Шарттың сәйкестендіру деректері (атауы, нөмірі, күні)		
2	Шарт бойынша қаржыландырудың мақсаты мен нысаны (шартта нұсқау болған кезде)		
3	Шарттың күшіне ену күні		
4	Шарт бойынша резидент мәртебесі (кредитор / қарыз алушы/агент)		
5	Шартқа қатысушы бейрезидент(тер) (атауы)		
5.1	Шарт бойынша бейрезиденттің мәртебесі (кредитор / қарыз алушы/агент)		
5.2	Шартқа қатысушы резидентке қатынасы (үлестестігі)		
5.3.	Бейрезидент тіркелген елдің атауы / коды		
6	Шарт валютасы		
7	Шарт сомасы (шарт валютасының мың бірлігінде)		
8	Шарт бойынша қарызды өтеу күні		
9	Сыйақы мөлшерлемесі (тіркелген пайыздық мөлшерлеме жағдайында жылдық % көрсетіледі, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында оны есептеу базасы және маржа		



**АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ**

	мөлшері көрсетіледі)		
10	Берешекті өтеу кестесі (шарт валютасының мың бірлігі)		
11	Ескерту		

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



Олардың негізінде және оларды орындау үшін капитал қозғалысының валюталық операциялары жүзеге асырылатын шарттар жөнінде ақпарат

2. Бейрезиденттің АХҚО қатысушысының капиталына (АХҚО қатысушысының бейрезиденттің капиталына) қатысуы туралы, **сондай-ақ АХҚО қатысушысының акцияларды, үшінші тұлғаның капиталындағы қатысу үлестерін бейрезиденттен сатып алу (бейрезидентке сату) операциялары жөнінде ақпарат**

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Капиталға қатысу туралы ақпарат 1	Капиталға қатысу туралы ақпарат 2
A	B	1	2
1	Шарттың сәйкестендіру деректері (атауы, нөмірі, күні)		
2	Капиталға қатысу түрі (үлестерді, пайларды, акцияларды сатып алу, қатысушының салымы және т.б.)		
3	Мәміле нәтижелері бойынша қатысу үлесі, пайызбен		
4	Шарттың күшіне ену күні		
5	Шарт бойынша резидент мәртебесі (инвестор / инвестициялау объектісі / сатып алушы / сатушы)		
6	Инвестор (атауы немесе ТАӘ)		
6.1	Резиденттік белгісі		
6.2	Резиденттерге арналған БСН		
6.3	Бейрезиденттер үшін заңды тіркеу елі		
7	Инвестициялау объектісі (атауы)		
7.1	Резиденттік белгісі		
7.2	Резиденттерге арналған БСН		
7.3	Бейрезиденттер үшін заңды тіркеу елі		
8	Сатушы (атауы немесе аты-жөні)		
8.1	Резиденттік белгісі		
8.2	Резиденттерге арналған БСН		
8.3	Бейрезиденттер үшін заңды тіркеу елі		
9	Сатып алушы (атауы немесе аты-жөні)		
9.1	Резиденттік белгісі		
9.2	Резиденттерге арналған БСН		
9.3	Бейрезиденттер үшін заңды тіркеу елі		
10	Шарт валютасы		
11	Шарт сомасы (шарт валютасының мың бірлігінде)		
12	Ескерту		

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



5-қосымшаға 4-қосымша

Олардың негізінде және оларды орындау үшін капитал қозғалысының валюталық операциялары жүзеге асырылатын шарттар жөнінде ақпарат

3. АХҚО қатысушысының капитал қозғалысының басқа операциялары туралы ақпарат

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Шарт туралы ақпарат 1	Шарт туралы ақпарат 2
А	Б	1	2
1	Операция түрі (жылжымайтын мүлікке меншік құқығы, Зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқық, бірлескен қызмет, ақшаны және өзге де Валюталық құндылықтарды өтеусіз беру)		
2	Шарттың сәйкестендіру деректері (атауы, нөмірі, күні)		
3	Шартқа қатысушы бейрезидент(тер) (атауы)		
4	Бейрезиденттің тіркелген елі (коды)		
5	Шарт валютасы		
6	Шарт сомасы (шарт валютасының мың бірлігінде)		
7	Операцияның қысқаша сипаттамасы		
8	Ескерту		

Толтыру жөнінде түсініктемелер:

- Бейрезиденттің резидентке қатынасы тізімнен таңдалады:
 - _____ бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының 10 (он) пайызын және одан да көп пайызын, резидент қатысушыларының дауыстарын тікелей иеленуі;
 - _____ бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының 10 (он) пайызын және одан да көп пайызын, резидент қатысушыларының дауыстарын жанама иеленуі;
 - _____ резиденттің 10 (он) пайыз және одан да көп дауыс беретін акцияларға, резидент емес қатысушылардың дауыстарына тікелей иелік етуі;
 - _____ резиденттің дауыс беретін акцияларының 10 (он) пайызын және одан да көп пайызын, резидент емес қатысушылардың дауыстарын жанама иеленуі;
 - _____ резидент пен бейрезиденттің бір-біріне бақылауы немесе ықпалы жоқ, бірақ дауыс беретін акциялардың кемінде 10 (он) пайызын, резидент қатысушыларының дауыстарын тікелей немесе жанама иеленетін бір инвестордың бақылауында немесе ықпалында болады;
 - _____ осы өтініш тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларда көрсетілмеген жағдайлар.
- Берешекті өтеу кестесі (қарыз валютасы мың бірлікпен):

Тоқсан, жыл	Негізгі қарызды өтеу	Сыйақы төлемі
Жиыны		

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



5-қосымшаға 5-қосымша

ЕДБ-да депозиттік шоттар ашқан АХҚО қатысушыларының тізбесі

ҚР ЕДБ атауы				
Мекенжайы				
БСН				
Кезең	Тоқсан нөмірі		Жыл	
ҚР ЕДБ орындаушысының Т.А.Ә.				
Телефон				
E-mail				
Қызмет түрі				

Р/с №	ЖСН/БСН	АХҚО қатысушысының мәртебесі	Есепшот түрі	Есепшот валютасы	Есепшотты ашқан күн

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді.



АХҚО-ДАҒЫ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

5-қосымшаға 6-қосымша

Инвестицияларды басқару қызметтерін көрсететін АХҚО қатысушыларының
инвестициялары көлемі жөнінде есеп

АХҚО органының атауы	AFSA			
Мекенжай				
БСН				
Есепті кезең	Тоқсанның нөмірі		Жыл	
АХҚО органының құрылымдық бөлімшесі				
Телефон				
E-mail				
Қызмет түрі	Инвестицияларды басқару			

P/c №	АХҚО қатысушыларының саны \ инвестицияларды басқарушылар	Басқаруындағы активтердің көлемі	
		Есептік кезеңнің басында	Есептік кезеңнің соңында
1	2	4	5

Ескерту. «АХҚО-ның валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 15.02.2024 №9 АХҚО қағидаларымен 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді.